



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Әділхан Бәймен атындағы байқау қорытындыланды



«Ақмешіт апталығы» газетінің негізін қалаған белгілі азамат Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» әкселюзив сұхбат байқауы қорытындыланды. Биыл Әділхан Бәйменнің туғанына – 80 жыл, өмірден өткеніне – 20 жыл, ал «Ақмешіт апталығы» газетіне – 30 жыл. Байқау жеңімпаздары Сыр мәдениеті мен руханиятына қомақты үлес қосқан қайраткерге арналған жылында марапатталды.

Қазылар алқасының шешімімен байқаудың бас бәйгесі облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім меңгерушісі Назерке Санязоваға берілсе, Арал аудандық «Толқын» газетінің бас редакторы Айдар Сайлауов II орынды еншіледі. Ал әріптесіміз, «Ақмешіт апталығы» газеті бас редакторының орынбасары Дәулет Қырдыан үздік үштікті түйіндеп, III дәрежелі жүлдегер атанды. Байқау жеңімпаздары «Сыр медиа» ЖШС атынан қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Жыл басынан бері Әділхан Бәймен ағамыз ашқан «Ақмешіт апталығы» газетінің 30 жылдығына, ағамыздың туғанына 80 жыл толуына арналған бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Басылымның әрбір санында «Газеттің негізін қалаған Әділхан Бәймен» деп, тайға таңба басқандай көрсетіп қойдық. Ағамыз мәңгі жасайды. Газет барда, ол оқырманмен бірге. Басылым негізін қалаушы тұлға салып берген сұрпақпен ұлт мәселесін, елдік мүддені сөз етіп, биік тұғырда келеді. Жыл сайын жаңа жобаларымен оқырмандарын қуанытып жүр, – дейді ұйымдастырушы «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев.

«Ақмешіт-ақпарат»

АЖАРЛАНҒАН АҚМЕШІТ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Сырда жол құрылысы қарқын алған. Кеңейген жолдарда жүйткіген көліктер тақтайдай тегіс даңғылдың рақатын көрде. Жыл сайын жаңарып, жасарған Қызылорданың бүгінгі келбеті кісі көзі тойарлықтай. Қала әкімі Нұржан Ахатов шаһардағы жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда бірқатар нысанды аралады.



Биыл қалада 34,5 млрд. теңгеге 59 көшенің орташа жол жөндеу, қайта жаңғырту, жол және көпір құрылыстарын салу жұмыстары жүргізілуде. Кент және ауылдық округтерде де ауыз толтырып айтарлық шаруа бар. Мәселен, 1,5 млрд теңгеге 40 көшенің жол жөндеу жұмыстары жүрде. Ал «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 33 көшенің жол жөндеу жұмыстарына 942,8 млн теңге бөлінді.

– Халықтың сұранысы бойынша негізгі басымдылық қаланың күре тамыры саналатын жолдарға берілді. Қаламызға

келетін қонақтар мен тұрғындардың ең көп пайдаланатын жолдары жөнделіп, жол қозғалысы ретке келтірілуде. Қазіргі уақытта, 10,5 млрд теңгеге Әуежай жолы төрт жолақтыға ауыстырылып, Шиелі ауданынан қалаға келетін жолдағы «Азер» көпірінен, аспалы көпірге дейінгі аралықта кеңейту жұмысы қарқын алды. Құны 9 млрд теңгеге Қожа Ахмет Ясауи және Тауелсіздіктің 25 жылдығы көшелері қайта жаңғыртылуда. Ясауи көшесі жақын күндері ел игілігіне табысталады, – деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы.

2-БЕТТЕ

УӘДЕ



Ақманат ТӨЛЕГЕНОВА, қалалық мәслихат депутаты:

«АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ – ҚАНДА БАР ҚАСИЕТ»

Депутаттар билік пен халықтың арасына алтын көпір, дәнекер болып, елдегі мәселені жеткізіп, оның шешілуіне атсалысып жүр ме? Халықтың сенімін арқалаған тұлғалар не істеп жатыр? Сайлауды бағдарламалардың орындалуы қалай? Бұл сұрақтар біздің басылымның назарынан тыс қалмайды. Газетіміздің «Уәде» айдарының бүгінгі қонағы – Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты Ақманат Төлегенова.

2-БЕТТЕ



Аялаймын сені, Қызылордам!

Қызылордам, қадірлеймін мен сені,
Сияқтысын бақытымың өлшемі.
Сенде арманым қанат жайды қалықтап,
Сенде ғана тік ұстаймын еңсені.

Сенде тұрам, жетіліп ем сенде өсіп,
Сезімдерім сәулетімнен белбесіп.
Мендегі ақ, тәтті арманмен бөлістің,
Қиялымның бесігінде тербесіп.

Гүлзарыңда гүл-ғұмырым егілген,
Бақыт әні шарықтайды көгіңнен.
Тіл мен ділін тұтатұғын қасиет
Айналайын Ақмешіттік елімнен!

Алты Алашым деп құрметтер Сырды анам,
Сұлу шәрсің шайырларын жырлаған.
Мен де сенің келбетіңмен жасарып,
Сәулетіңдей асқақтаймын, нұрланам.

Иран-бақтай бұлбұлдарың сайраған,
Береке бар базарыңда қайнаған.
Атқа мінген азаматтар ел үшін
Тәуекелге белін бекем байлаған.

Жақсылыққа, ізгілікке бастаған,
Азаматтар артыңдағы ел қостаған.
Өс, өркенде, жарқырай бер, жайнай бер,
Қызылордам – ең алғашқы бас қалам!

Қызың едім жүрек үнін тындаған,
Сенде туып сезімді жырлаған,
Кейде саған сырымды айтып мұңданам,
Өзінде өсіп өзімді-өзім шыңдаған.

Жасай берші, жасара бер, гүл қалам!

Нұргүл ТӨЛЕУБАЙ,
қалалық орталықтартандырылған кітапханалар
жүйесінің №6 кітапхана қызметкері

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

ҰЛТТЫҚ АСТЫ ҰЛЫҚТАҒАН АЛМА

Бойдағы өнерін кәсіп қылғандар көп. Алма Дүйсенбаева – солардың бірі. Ол ұлттымыздың салт-дәстүрін құрметтеп, ата-бабамыздан мұра болып қалған қазақы тағам түрін жасаумен айналысады. Бәзбіреулер тазартып пайдалануға ерінетін малдың ащы ішегінің өзінен ішіне түрлі дәмдеуіш қосып, дастархан сәнін келтіретін ас әзірлейді.



Бармағынан бал тамған шебер аспаз өзінің фантазиясымен жасап, қолынан шыққан тағамына құдалық, той өткізетіндерден сұраныс өте көп екенін айтады. Көпбалалы ана жұмыссыз болса да қарап отырмай, өзінің кәсібін ешкімнен қолдау күтпей өз қаржысымен бастап кеткен. Әдепкі сәтте қаржы тапшылығы қолбайлау болғанмен, ерінбей еңбек еткеннің арқасында өзінің жасаған өніміне қызығушылар қатарын көбейткен. Кәсібі алға басып, берекелі бола бастаған соң мемлекеттік грант қаражатын алуға талпынып, құжат дайындады. Ал қайтарымсыз грантты ұтқан туралы хабарлама келгенде ол ерекше қуанды.

– Шынымды айтсам, алғашында грантты ұтып алғаным сенбедім. Ұялы телефоныма қайта-қайта қарап, қуанышым қойныма сыймай, қатты толқидым. Шыныммен біз сияқты зәру жандарға мемлекет қолұшын бергеніне өте ризамын. Балаларымның несібесі шығар. Шынында әділет бар екен. Үкімет халықты ойламайды емес, ойлайды екен. Соған көзім жетті. Жұмыс істеймін деген адамға, ерінбеген жанға жұмыс өте көп. Аспаз мамандығына сұраныс жоғары, – дейді аспаз.

Қазақтың қарақөздерінің көпшілігі жұмыс таппай жүргені жасырын емес. Мем-

кісілердің тәжірибесіне сүйеніп дайындап көрейін дедім. Қазы-қартаны тойларда жасап жүрмін. Мұны жасаудың курсың Тараздағы аспаздан сағып алдым. Қартаны көбісі жей бермейді. Соның ішіне сок пен сақталған етті турап салса, қартаның иісін бұрқыраған сөктің иісі алып түседі де, өте дәмді асқа айналады. Ыстық тағамға бұрме қарынды қонақтарға ұсынып жүрмін. Оның ішіне сүрленген ет, қазы, көкөністерді салып, асып ет тамақ ретінде беріп жүрміз. Қойдың, сиырдың ішегіне сақталған етті салып, шұжық жасап жүрмін. Біздің үйде қой сойылса, одан ешқандай қалдық қалмайды. Барынша оны дәмді асқа айналдыруға тырысамын, – дейді шебер аспаз.

Әрине, әрбір адам өзінің икеміне қарай кәсіпті таңдау керек. Алма бұл ретте таңдауын дұрыс санайды. Шанырақтың шатығы мен берекесін еселей жүріп, болмысындағы өнерді кәсіпке айналдырған.

– Әйел – отбасының берекесі. Қазаны асылып, шырайы кіріп тұрған үйге қонақ та көп келеді. Ал қонақ келсе, шаңырақтың несібесі артады. Жақында «Анаға тағым» орталығында аспаздардың жарысы болды. Соған да қатысып, бидай шайын дайындадым. Бидайды қуырып, ыстық сүтті әлемілеп пісіріп, қаймағын шығарып демделдім. Ішіне кішкене сары май салдым. Бұл – өте пайдалы. Шөлді қандырады және адам күні бойы тоқ жүреді. Бұл да баяғы қазақтың ұмытылып кеткен дәм. Мұндай шайды келіншектер босанған кезде берген, – дейді жас кәсіпкер Алма Дүйсенбаева.

Шынында қазақтың ұлттық тағамдарын дәмді етіп елге ұсынып, ұмытылып кеткен салт-дәстүрді қайта жаңғыртып жүрген Алмадай ұлт жанашырына алғысымыз шексіз.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

ОҚЫРМАН ОЙЫ

Алтай мен Атырау арасын алып жатқан атырапта алшақтап орналасқан елді мекендердің аралығы кезіндегі – төрт түлік малға толған жайылым, бүгінде жапан дала. Енді бұл аралыққа ел қоныстанса, заман талабына сай болып, ыңғайлы позицияға ие боламыз.

ӘР ИДЕЯНЫҢ БАСЫНДА ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ТҰРУЫ КЕРЕК



Көлемі әйдік «Байкал-Амур магистралы» (БАМ) алыс Қиыр шығыс пен Сібірді тасымал байланыструмен қатар, бұл темір жол бойларына елді мекендер жайғасуы өңірдің жанданып, ел қуатының артуына ықпал етеді. Осы БАМ құрылысынан кейін ғана Ресей одақтың ыдырауына кедергі етпей, яғни өз тәуелсіздігіне ие болды. Ал, біздің де кең дала, елсіз алыс жолдар

бойларына ел қоныстануы дәл осындай стратегиялық аса мағыналы болар еді... Жол бойы елді мекендермен монолит тұтасып, айнала жан-жақ дала тыңдары игеріліп және жақын қалааралық тығыз байланыс дами бастайды. Мұндай үлкен бастамалар арқылы елдің де қуаты арта берері анық.

2-БЕТТЕ

Қаланың қай түкпіріне барсаңыз да, жөндеу жұмыстары қарқындалған. Жақындағана магистралды көшелеріміздің бірі – Жаппасбай батыр көшесінің 3,3 шақырымы 2,7 млрд теңгеге қайта жаңғыртылып, 2 жолақтың 4 жолақтыға ауыстырылды. Жүріс бөлігінің ені 14 метрге кеңейтілді. Ал Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі аралықта құны 570 млн теңге болатын 2,1 шақырым жаңа жол салынып, көлік ағынын реттеуге жағдай жасалынып, Қала аумағында бұл бағыттағы сан алуан жұмыс бар.

– Жаңадан салынған «Сыр самалы» көшесі – ең тиімді жобалардың бірі. Тұрғындар аталған көшенің ашылуына жоғарғы деңгейдегі оң бағасын беруде. Айта кету керек, ең ұзын көшелеріміздің бірі саналатын Е.Көшербаев көшесінде 434 млн теңгеге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Ең маңыздысы, тұрғындар көп пайдаланатын жолдарды жарамдылық мерзімінен өткізіп алмай жөндеп отыру. Құны 350 млн теңгеге М.Шоқай және Қорқыт ата көшесінің 5,5 шақырымы 4 жолақтыға ауыстырылып, жүріс бөлігінің ені 14 метрге кеңейтілді.



Өздеріңіз жақсы білесіздер, Қорқыт ата көшесінен бастау алған даңғыл «Батыс – Еуропа, Батыс – Қытай» дәлізіне қосылып, жол қозғалысына

жаңашылдық береді. Әрине, оқушылардың сабаққа баратын уақытында кептеліс көбейіп, жолаушыларға қолайсыздықтар туындауда. Бұған түсіністікпен қарауға шақырамын, – деді шаһар басшысы.

Ерекше атап өту керек, көпшіліктің сұрауымен ұзындығы 9,6 шақырымға жететін «Қызылорда – Жезқазған» бағытының қалаішілік автомобиль жолына да аспалы көпірден «Құмкөл» автомобиль жолының бұрылысына дейін жөндеу жүргізілімек. Бұған «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ 2,7 млрд теңге бөлген.

«Тұрғындардың талап-тілектерін ескере отырып, алдағы уақытта Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі аралыққа жаңа жол құрылысын салу жоспарлануда. Аткарылып жатқан жұмыстардың ең негізгі деген бөліктеріне ғана тоқталдым. Осы бағытта облыс орталығындағы көшелердің аясын кеңейтіп, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бастамаларды жалғастыра береміз. Қыркүйек айының соңына дейін барлық жөндеу жұмыстарын аяқтаймыз», – деді қала әкімі.

Күн санап көркейген Қызылорданың әрбір түкпірінде жаңашылдыққа басталған қадамдар бар. Шаһар басшысы Нұржан Сабитұлы мұндай қарқынды жұмыстың жалғаса беретінін айтты.

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»

АЖАРЛАНҒАН АҚМЕШІТ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ



Ақманат ТӨЛЕГЕНОВА, қалалық мәслихат депутаты:

«АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ – ҚАНДА БАР ҚАСИЕТ»

– Халық қалаулысысыз. Міндетті қызметіңізбен қоса халықтың аманатына да құлақ түресіз. Қалаға қарасты Тасбоғет кентінің халқы сенім артып, өзіңізді депутат етіп сайлады. Өз округіңізге қарасты тұрғындардың көбі кенттің шеткі бөлігінде тұрады. Әрине, ол жердегі күрделі мәселелерден өзіңіз хабардарсыз. Бұл аумақтағы құрмеуі қиын түйткілдер қашан тарқайды?

– Ия, әрине, өзімнің сайлау учаскеме байланысты мәселенің барлығымен таныспын. Әсіресе кенттегі мәселенің ең ауқымды болып тұрғаны – кәріз су станциясын тұрғындар тұратын аймақтан алыстату. Себебі кәріз су станциясы мен тұрғындардың үйлердің ара қашықтығы бар болғаны 200-250 метрдей ғана. Сол маңда тұратын тұрғындардың жанайқайы осы болып тұр. Иісінің жағымсыздығы сонша тұрғындар жаз айларында тіпті терезелерін аша алмайды. Бұл мәселені көтердік. Бүгінде металдық құжаттар дайындалуда, алдағы уақытта шешімін табады деп ойлаймын. Мұнан кейінгі күрделі мәселенің бірі – кенттің емханасы. Өзіңіз де хабардарсыз, кенттегі емхана кезіндегі почтаның ғимараты. Ол ешқандай стандартқа сай келмейді. Іші өте тар, дәлізінің тарлығы соншалық, екі адам қатар жүре алмайды. Кентте күннен-күнге қоныстанушылар қатары да артып отыр. Сол себепті емханаға жаңа ғимарат салу кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл жайдан қала әкімі де хабардар. Қызметке тағайындалған соң қала әкімі Нұржан Ахатов кент тұрғындарымен кездесті. Сол кездесуде тұрғындардың ең бірінші көтерген мәселесі де осы болды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, халық үніне құлақ асатын мемлекет статусына көтерілетін болсақ, халықтың мұң-мұқтажы ескеріліп, жүзеге асады деген ойдамын.

Мұнан бөлек, кентте жарық жүргізілмеген 6 көше қалған еді. Бүгінде бұл мақсатқа қаражат бөлініп, конкурс жарияланды. Мердігер мекеме анықталса, бұл жұмыс та көп ұзамай жүзеге асып, көшелер 100 пайыз жарықтандырылады. Тағы да күрделі жайдың бірі – шет аймақта орташа, күрделі жөндеуден өтетін, әлі асфальт төселмеген бірнеше көшелер бар. Кенттің шет аймағында орналасқан Оразбаев көшесінің тұр-

ғындары бірнеше рет өтінішін жеткізген болатын. Кезінде бұл көшенің 22-інші бағыттағы қоғамдық көлік жүргізілген. Алайда жолдың нашарлығына байланысты қоғамдық көліктің жүруі тоқтатылған. Қоғамдық көліктің болмауы салдарынан тұрғындар келесі аялдамаға дейін 1-1,5 шақырым жаяу жүруге мәжбүр. Сол аралық батпақ, жүруге өте ыңғайсыз. Әсіресе оқушылар мектепке барып-қайтатын кезде қиналады. Сол Оразбаев көшесін жөндеуге қаржы бөлініп, конкурсқа шығарылды. Енді



мердігер мекеме анықталса, көше жөнделіп, тұрғындардың талап-тілегі орындаламақ. Айта кету керек, бірнеше көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынды. Сәкен Сейфуллин, Сапарбаев көшелеріне асфальт төселді. Ертуғанов көшесі абатандырылып, ойын алаңы салынып, тұрғындардың кешкілік балаларымен серуендеуіне қолайлы жағдай жасалды.

– Жергілікті өңірден сайланған Сенат депутаттары қалалық мәслихат депутаттарымен басқосу өткізді. Жиында өзіңіз халық қалаулыларына қандай ұсыныс тастадыңыз?

– Өзімнің тарапымнан «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы қалаға қарасты кенттер мен ауыл тұрғындарына, кәсіпкерлерге қажетті қолдау аясын кеңейтуді және «Сыр жастары» бағдарламасы аясында кез-келген санаттағы жастарды қолдау мәселесін қарастыруды мәлім еттім.

Келелі кездесуде сенат депутаттары халық қалаулыларының барлық ұсыныстары мен өтініштеріне мұқият құлақ түріп, заң аясында оң шешімін

алу мақсатында құзырлы органдарға жеткізетіндігін мәлім етті.

– Ел Президенті келер жылы «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Еңбек адамдарын насихаттауға жұмылу тұрғысындағы пікіріңіз..

– Бұл – жұмысшы азаматтарға көрсетілген құрмет. Адал, әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті, сыйлы болатыны сөзсіз. Негізгі әрбір азамат қол аяғы сау, денсаулығы мықты болса, еңбек етуге міндетті деп ойлаймын. Жасыратыны

өте қолайлы, әрі тиімді жағдай туғызды. Одан бөлек, 31 мамырда жыл сайын республика деңгейінде Алаш ардақтылары еске алу үшін «Алашқа тағзым» атты шеру өтеді. Тағы айта кететін жай, өзіңіз білесіз «Мектепке жол» акциясы бойынша отбасылық жағдайы төмен оқушыларға партия тарапынан, депутаттар тарапынан жыл сайын көмек көрсетіледі. Су апаты болған аймақтарға партия және облыстық филиал тарапынан көмектер жіберілді.

– Өзіңіз бір шаңырақтың отанасысыз. Бір уақытыңыздағы хоббиіңіз не?

– Үйге шуақ тарататын аналар гой. Мен де – анамын. Қызметпен қоса шаңырақтың түгінін түтетіп, жолдасым екеміз екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырмыз. Бос уақыт бола бермейді. Десе де, әйел зағиы иісі жұпар гүлді ұнатады гой. Менің де хоббиім – гүл өсіру. Есіктің алдында 42 түп раушан гүлі, 5 түп патшалық лилия, 3 түп буддлея гүлдері өсіп тұр. Күнде кешке жұмыстан кейін сол гүлдерді суарып, керекті тыңайтқыштарын беріп, бір мезгіл солармен сырласып, сұхбаттасатын жайым бар. Әрине олар сөйлеу білмегенмен, тыңдай біледі. Болашақта 42 түпті 70-80-ге жеткізігім келеді.

– «Таза Қазақстан» акциясына деген сіздің көзқарасыңыз?

– «Таза Қазақстан» акциясын толығымен қолдаймын және қолдаймын. Әрине тазалықты жақсы көрмейтін адам жоқ. Айналамыздың таза болғаны өзіміз үшін, өсіп келе жатқан ұрпағымыз үшін ауадай қажет. Қазір қалада акция аясында ауқымды шаруалар атқарылып жатыр. Бүкіл жастарымыз, еріктілер, мекеме қызметкерлері қала тазалығына белсене атсалысуда. Айналамыздан қазір бір қылау таппайсың. Әрине, бұл – аймақ басшысының үлкен еңбегі. Қаламыз күннен күнге өсіп, зәулім құрылыстар бой көтеріп, құлпырып жатыр. Шаһардың қайта түлеп, гүлденгенін қалаға келген қонақтар жиі айтады. Сулу қаламен мақтанамыз, марқамыз. Туған жеріміз шабыт сыйлайды. «Таза Қазақстанды» жалынды жастармен бірге жасаймыз. Өйткені жастар – болашақтың тірегі.

– Рахмет!

Сұхбатқасын
Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

ӘР ИДЕЯНЫҢ БАСЫНДА ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ТҰРУЫ КЕРЕК

Каспий теңізінің шығысқа иілген солтүстік жағын көліктер айналып өтіп, бір талай уақыты жоғалтады. Теңіздің бұл иілген солтүстік-шығыс жағы тым таяз. Бұл теңіздің оңтүстік жаға Бозащы түбегіндегі Қаражанбас ауылы маңайынан тура қарсы бет Құрманғазы ауданы жақ жаға аралықты бөгең, теңіз үстінен төте жолсалу тым қиын проблема емес. Батыс Қытай-Батыс Еуропа халықаралық транзиттік көліктер жолына тағы бір қосалқы жол тармағы қосылып, бұл төте жолмен көліктердің қатынауы тығыздала түсер еді. Бұл істің негізгі көлемі топырақ төсеу болып, оны

та арта түседі. Яғни орталық Арал теңізі маңайы қиылысқан темір жолдар тораптарына болашақ облыс орталығы етіп тағы да үлкен қала құруға енді әліміз әбден жетеді. Аса қауіпті сейсмикалық өңірге жатпайтын аймақтарда құрылыс құны арзан түседі. Бұл тым көп қаражат талап етпейді. Аз ғана қосымша қаражат және елімізде құрылатын тұрғын үйлер мен өндіріске арналған қаражаттың 20-25 пайызы жеткілікті. Яғни дәл осы қаражатқа сәйкес есесіне бұл халық сирек жайғасқан аймақтарға жан-жақтардан халық келіп қоныстанады. Сырт елдерде топ болып бірыңғай



бірден екі жақтан бастау істі жеңілдетеді. Ал, технологиясы дамыған қытайлықтар осындай жерлерге кідірмей эстакадалық жолдар салған болар еді. Тағы Орталық Азия мен таяу Кавказ елдеріне ортаға жайғасқан осы Каспий теңізі екі жағына бөліп, көліктер оны алыс жолдармен айналып жол қаласа да қымбатқа түседі. Егер Каспий теңізінің таяз шығыс жағасынан тура Азербайжан мен Дағестан біріккен шекара дейін бөгеттеп теңіз үстінен жол түссе, бұл транскаспий ғасыр құрылысы аса халықаралық мағынаға ие болып, жақын аралық тасымал байланысқан бұл өңірде экономикалық даму қарқын алады. Егер бұл іске үш ел қатысса, іс жеңіл орындалады. Мұнай қоры таусылса да бұл жолмен тасымалдық байланыс тығыздалып қаржылай экономикалық кіріс жалғаса береді. Сонда Сыр бойы транзиттік жолымен жүретін тасымалдық және жолаушы көліктер саны еселеп артып, жол да кеңейіп табыстың артуына ықпал етеді. Мұнайлы өлкені сәтті өз кезінде пайдалансақ, қапы қалмаспыз. Бізді тек осындай жасампаздық алға

жайғасқан қазақтардан гөрі әуелі алыста жалғыз қалған қазақтың дегендер мен Ауғанстандағы қандастарды осы жақтарға қоныстандыру керек. Өйтпесе олар барлық ұлттық қасиетін жоғалтып, өзге ұлтқа сіңіп кетуі анық. Дегенмен, ол жақта негізгі халық қазақ болса да, оларды өзбек атап жіберген, әрине, өзіміз. Сөйтіп біз талай өз игіліктерімізден айрылып қалдық.

Қазір бізде ауылдардан облыс орталықтары мен үлкен қалаларға көшіп келіп, қоныстанушылар артты. Ал, үй мен жердің бағасы да жыл сайын шарықтап өсіп барады. Сондықтан қалаларды тым кеңейте бермей, осы урбонизация сәтін пайдаланып, есесіне сол қаражатқа еліміздің бос аймақтарына сәулетті қалалар көтерсек игі. «Есілдің бойы ең тоғай, ел қондырса деп едім» деп жырлаған Махамбеттің арманы орындалды гой..

Өйтпесе тоқырап, бұндай дағдарыс жұмыс күші аз елімізде демографиялық дағдарысқа жолғасуы мүмкін. Егер халқымыз көп болғанда, бұндай инфрақұрылымдар әлдеқашан құрылып бітіп, біз ең дамыған аса қуатты елдер



Каспий теңізі үстінен жол салына, бұл жолдар торабы тыңына жаңа үлкен қала құру мақсаты өте сай келеді. Яғни Батысқа біздің де тереземіз ашылып және Африка мен араб елдерімен де жақын байланысып, бұл аймақ қарқынды экономикалық даму өркен алады. Жазық теңіз жағасы бұл қаланы аса сәулетті әлемге әйгілі етіп көтерсек, континентер орталығы бұл қалаға халықаралық саяси ұйымдар штабын орнатуға ыңғайлы болады. Оның үстіне, халықаралық спорт ойындарын өткізуге ұсынасақ, қолдау пайызы артуы сөзсіз. Тағы венгерлер мен неміс бауырлар да қоныстанып, Орталық Азия ғалымдарымен біріксе, бұл қала әлемде ең озық ғылыми және мәдени орталыққа айналатыны анық. Мысыр елі де айдала, Қызыл теңіз жағасына орасан зор зәулім етіп жаңа астананы құрып бастады. Біз орталық бір қаланы құрып бастады. Енді теңіз үстінен жолдар салып, оның торабы теңіз жағасында тынып әсем қала көтеру болашақ үшін керемет мәңгілік сый болып қалар еді.

Жапан далала қалаларды тым кеңейткеннен гөрі тағы қажетті осындай орталық жерлерге қала көтерсек, алыс қалалар арасы қысқарып, байланыс

қатарында болар едік. Қалааралық алыс жол бойларына бірінші қажеттілік азық-түлікті ауылдар қоныстанған дұрыс. Өңір климаты агроөнеркәсіпті дамытуға да өте ыңғайлы. Елімізде елді мекендердің біркелкі жайғасуы әрқандай дағдарыстан сақтап, тағы позициялық ел қуаты ұлғаятыны жасырын емес.

Кеңестік одақтан ыдыраған елдерге қарағанда біздің жағдайымыз жақсы, алда келеміз. Сингапур сияқты экономикалық дамыған ел болуымызға біздің барлық жағыннан мүмкіндігіміз жеткілікті. Еліміздің географиялық жағдайына байланысты біз аграрлы-индустриялық озық дамыған аса қуатты держава болғанымыз дұрыс.

Өте аянышты ауыр заман басамыздан өтті. Енді біз әрқандай қиыншылықтарға шыдап, әуелі ұлы болашақ үшін осындай алып инфрақұрылымдарға не болуымыз керек. Міне, біз отыз жылда білімді жана толқын, жас ұрпақ өсірдік. Енді жастарды жан-жақты дамытып, ұлттық санамен енді екі толқынды қалыптастырса, XXII ғасырда әлемдік аренада топ жарып тұрамыз. Бізде ондай мүмкіндік бар.

Бекнұр ӘБСАДЫҚОВ,
инженер құрушы

Мұстафа Шоқайдың ТҰЛҒАЛЫҚ ФЕНОМЕНІ МЕН САЯСИ ҚЫЗМЕТІ



Әлемге танылған Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы мен саяси қызметінің жарқын беттерін көрсету оңай тірлік емес. Өйткені осы кезге дейін оның толық өмірбаяны жазылмаған. Сол себепті бірсыпыра мәліметті Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естелік кітабына, сонымен қатар әртүрлі елдердің қайраткерлерімен, ғалымдарымен жазысқан хаттарына және өз еңбектеріне сүйене отырып айта аламыз.

Мұстафа Шоқай – өз кезіндегі мұсылман саяси қайраткерлерінің ішінде айрықша белсенділігімен кеңінен танылған тұлға. Бұл пікірімізге жапонның белгілі ғалымы Уяма Томохиконың 2001 жылы Мәскеу мен Токио бірігіп шығарған Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген еңбегіне жазған алғы сөзіндегі: «XX ғасырдың басында Ресейдің өз ішінде және оның төңірегінде Исмаил Гаспринский, Абдурашид Ибрагим, Мирсаид Сұлтанғалиев, Заки Валидов (Тоған), Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Махмұдқожа Бехбудди, Абдурауф Фитрат, Файзулла Қожаев, Мехмед Әмин Расулзаде және тағы басқа көптеген мұсылман ұлы реформаторлары мен революционерлер шоғыры пайда болды» дей келіп, жаңа азат жолдан «Тіпті осы жұлдыздар ішінде Мұстафа Шоқай (1890-1941) немесе Шоқай бірегей орын алады» дегенін дәлел ете аламыз.

Мұндай бағаға Мұстафа Шоқай қалай жетті деген үлкен сұрақ тұр. Бұған жауап беру үшін сөзімізді оның дүниеге келген отбасынан, өскен ортасынан бастауымыз керек. Біздің танымалымыз бойынша жас ұрпақтың тағдырында тәрбиенің темір қазығы – отбасындағы адамгершілікті, ізгілікті, имандылықты негіз еткен ұлттық тәрбиенің орны ерекше. Мұнсыз тәрбие мен оқудың кейінгі буындары тиімді нәтиже бере қоймайды. Оны өмір көрсетіп келеді, көрсете беретініне сеніміміз мол.

Атасы Торғай – датқа, болыс-би, әкесі Шоқай шаңырағында дүниеге келген Мұстафа ұлттық тәрбиені молынан көріп өсті. Туасы зерек ол оқу-жазуды анасы Бактыбекенден бес жасында үйренеді. Ағасы Әліш ашқан төрт жылдық медресені екі жылда бітіріп, 1902 жылы үшжылдық Перовск училищесін аяқтады. Осы жылы Ташкенттегі сегізжылдық ерлер гимназиясына түсіп, орыс тіліне сауатын жетілдіріп алғаннан кейін өлке тұрғындарының арыз-шағымдарына көмектесіп, қоғамдық жұмысқа белсенді араласа бастайды. Осы істе жергілікті халықтың талай теңсіздігіне куә болады.

1910 жылдан араларында үзілістері бар алты-жеті жыл Ресей орталығы Петербуртта болуы Мұстафа Шоқайдың кейінгі тағдырын шешті. Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде терең білім алып, Батыстың өркениетімен де таныды. Осында оқып жүрген кезіндегі беталысы, бір топ студенттермен бірге тіл мен діниң тазалығын сөз еткен 1913 жылы Орынборда шыға бастаған «Қазақ» газетіне хат пен «Сиратул-Мустакам» (Тура жол) ұйымын жақтаушыларға қарсы бағытталған үндеудің мазмұны айқын байқалады. Сондай-ақ студент кезінде «Сен ақ патшаға жақын тұрасың, оған біздің тілектерімізді жеткіз. Мына мәселе былай болуы керек еді, былайша уәде берілген еді, бірақ олай болмады» деген мазмұндағы өтініш хаттар, әртүрлі хабарлар өзі дүние есігін ашқан Ақмешіттен де жиі келіп тұрған көрінеді. Мәселенің көбі жер дауымен, әсіресе қоныс аудару басқармасының Ресейден келген орыстарға бөліп беру үшін тартып алған жерлері бөліне көшпенді халықтың тіршілік негізіне айналған қыстауларына байланысты болады. Мәселелер айлар бойы шешімін таппай, кейде Сенат мәжілісіне дейін жетіп жатыпты.

Мұстафа Шоқай Орталықтағы түрлі қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенді араласады. Алаш қозғалысының жетекшілерімен жиі қарым-қатынасқа түседі. Әлихан Бөкейханның ұсынысымен 1916 жылғы 15 тамызда Мемлекеттік Думаның жанындағы Мұсылман фракциясының төрағасы Қ.Тевкелев жетекшілік еткен құрамында фракция мүшесі Шәкір Мұхамедияров және кейін қосылған депутат А.Ф.Керенскийлер бар делегацияның аудармашысы, хатшысы және маман зерттеушісі ретінде Түркістан өлкесінде сапарда болады. Мұнан кейін Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясындағы хатшылық жұмысқа орналасады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі болмағанда оның Мемлекеттік Думаның депутатына сайлануы да мүмкін еді.

Патшаның тақтан таюы, Уақытша үкіметтің құрылуы ұлттық аймақтарды оятып, оларды азаттық үшін қозғалысқа түсіргені белгілі. Наурыздың соңғы күндері Мұстафа Шоқай Ақмешіттен Түркістан округі атқару комитетінің құрылтайына делегат болып сайлануына байланысты Ташкентке шақырған жеделхат алады. Жол жүрер алдында ол сол кезде Ресейде белгілі рөл атқарған Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы Н.С.Чхедземен арнайы кездеседі. Араларындағы әңгіменің тақырыбы Түркістан аймағының автономия алуы туралы болады. Бұл кездесу екі мәселені байқатты. Біріншісі, Әлихан Бөкейхан басқарған Алаш қозғалысының автономия туралы пікірлерінің толықтығын көрсетсе, екіншісін, Ресейге белгілі тұлғамен осындай деңгейде сөйлесу Мұстафаның ой-өресін байқатқан болатын.

16-22 сәуір күндері Ташкентте өткен Түркістан мұсылмандарының бірінші құрылтайында Өлке мұсылмандары орталық кеңесінің төрағасы болып сайланған Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті,



өлкелік жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі мекемелерімен тиімді қатынас жасау, революцияның алғашқы күндері құрылған араларында байланысы жоқ, бола қойғанда көбіне қайшылықты қарым-қатынасты екінші қатарға қойып, түрлі мұсылман қоғамдары, комитеттер мен одақтарды бір орталыққа біріктіруге ұмтылады. Өлке халқының алдыңғы қатарлы қайраткерлерін тиімді ұйымдастырудың нәтижесінде Қоканда өткен төртінші ұлттық құрылтайда Түркістан автономиясы жарияланады. Бұл Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің алғашқы шыңы болды.



Кейін Түркістан Мұқтарияты аталып кеткен жаңа типтегі мемлекеттік құрылым барлығы 64 күн ғана өмір сүрді. Кеңестік жүйе «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының «Мемлекет қалпы» бөліміндегі: «Федеративная республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді» деген қағиданы қауіпті санады. Автономия басшылары түгел дерлік тұтқындалады. Бұдан аман қалған, бірақ басына 1000 сом байғе тігілген Мұстафа Шоқай шет елге кетуге мәжбүр болды. 1918 жылғы мамырдың бірінде Ташкенттен шығып, талай қиыншылықтарды бастан өткізіп, 1919 жылдың наурызында Тифлиске жетеді. Онда екі жылдай тұрып, қызылдар оны басып алғаннан соң Түркия арқылы Францияға жетіп, сонда тұрақтады.

Әділеттілік пен заңдылықтың орталығы – Парижде жырма жылдан астам тұрғанда Мұстафа Шоқай Париж, Лондон, Варшава, Берлин және т.б. қалалардағы тиісті мінбелерде Кеңес Одағындағы түркі халықтары көріп жатқан большевиктік саясатты шекерлеген баяндамалар жасады, берісі Түркістанның, әрісі бүкіл түркі жұртының тәуелсіздігі үшін сан қырлы саяси қызметтер атқарып, бірнеше тілде жазылған мол шығармашылық мұрасымен әлемге танылды.

Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы туралы Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естелік кітабында бірнеше жарқын беттер бар. Сонау Еуропаның ортасында жүріп, үлкен жүректі, терең сезімді қарапайым жанның елін сағынған сәттері шебер жазылған. Ұлы тұлғаның табиғи жаратылысын, рухани дүниесін аша түсетін бұл сипаттар оқырманды ерсіз терең сезімдерге тартады. Жүрегі жұмсақ жанның ерекше қарапайым адами болмысы таң қалдырады.

Парижде барған алғашқы жылдар Шоқайларға аса ауыр болады. Күнелтудің қиыншылығы, күнделікті тірліктің таусылмайтын күйбеңі әбден қажытып, Мария Шоқай ауырып қалады да, Германиядағы инфляцияға байланысты 1923 жылы Берлинде алты айдай тұрады. Сол кезде жарына жазылған хатында Мұстафаның отбасына, ағайын-туыс жақындарына деген шынайы сезімі былайша берілген: «Мен үшін ең қымбатты, ең жақын адамдардың көбі бұл күнде арамызда жоқ. Мен олардың ешбірімен соңғы рет арыздасып, қоштаса алмадым. Егер сен біздің туыстар арасындағы қатынастарды білген болсаң, менің қайғымның қаншалықты орынды екенін, шын мәнінде орны толмас екенін түсінер едің...» болмаса «Көз алдында ұлы мен немересінен бірдей айырылып әрі сүйікті ерке ұлы мен де қасында болмаған қарт ағамның қалай қайырғанын кім білсін? Ол менің өз ағам емес екенін, алайда оны өз ағамдай жақсы көретінімді сен, әрине, білесің. Ол идеал ана болатын».

Мұстафа Шоқайдың елге деген өзгеше сағынышын мына бір оқиға да айқын аңғартады. 1922 жылы Париждегі Трокадеродағы этнография музейінде болғанда Мұстафа сондағы домбыраны қызметкерден сұрап алып, құлақ күйін келтіріп, әсем қазақ күйін орындайды да аспапты орнына қояды. Жүзі жабырқау тартып, жанары жасқа толады. Мария Шоқай «Мен алғашқы және соңғы рет Мұстафаның көз жасын сол кезде көріп едім» деп жазды.

Түркістан халқының бірлігін аңсаған, мұнсыз тәуелсіздікке жетудің өте қиын екенін білген Мұстафа Шоқай әрдайым былай дейді екен: «Біздің Түркістан үшін ең қорқыныштысы – халықтың бірлігінің болмауы. Өзіміздің әлсіз екенімізді мен білемін. Мен халқымыздың тыныштығын және бірлігін қалаймын. Сондықтан да Швейцария мемлекетінің үлгісімен федерация құрғам келеді». Сол себепті ол өзінің саяси істерінде барлық күш-жігерін Түркістанда әлеуметтік реформа жасауға жұмсайтынын ескертіп: «Біз қазір оқымақ, ешқашан тәуелсіз бола алмаймыз, ол жолды бізге сырттан біреу әкеліп бермейді, біз өзіміз бірте-бірте мемлекет органдарын қолға алып, өзімізді өзіміз басқаруға тиіспіз» дейді екен.

Мұстафа Шоқаймен араласқан әрбір адам оны ерекше сыйлап, жеке қабілетін, адами болмысын қастерлеген көрінеді. Бұған бірнеше мысал келтіруге болады. Кеңес үкіметі Түркістан автономиясын құлатқан соң Мұстафа Шоқай Ташкентке жетіп, Өлкелік прокуратурасының мүшесі, Мария Яковлевнаның бұрынғы күйеуіне уақытша тұруға келісім сұрағанда ол Мұстафаның жағдайын жақсы

Естелік кітаптың «Мұстафа Шоқайдың саясатқа араласа бастауы», «Алғашқы саяси сабақтар» және «Мұстафа Шоқай – саясаткер» деген бөлімдерінде Мария Яковлевна жарына саяси қайраткер ретінде бірсыпыра сипаттамалар берген. Саясатқа араласқан алғашқы жылдарынан бастап ешбір партияға кірмей, социализмнен алшақ демократ ретінде Мұстафа Шоқай өз халқын жанындай жақсы көріп, оның болашағына сеніммен қараған. Көзқарас көкжиегі кең, өз ойын еркін жеткізетін, пікірлесіп отырған жанның жүрегіне жол таба алатын саясат адамының көпшілікті басқару үшін оның тез шешім жасай алатын саяси сауаты, қатал мінезі болуы керек деп түсінген. Мұстафа Кемалға таңғалып, оны биік санап, Түркістан үшін осындай реформатор болса деп армандаған.

Мұстафа Шоқай табиғатында бейбіт саясатты қолдаушы болғандықтан, халықтардың бауырласығын, өз мемлекетінің егемендігін, азаттығын ойлады. Ол тар ауқымды ұлтшылықтың дұшпаны болған. «...Біз барлық халықты құрметтеуге тиіспіз. Мемлекет үшін бір халықтың өзге халықтан айырмасы жоқ. Географиялық жағдайымыз да Ресеймен достық және бейбіт қатынаста болуымызды талап етеді. Жаман халық деген жоқ, жаман адамдар бар: адамгершілігі мол мемлекет деген болмайды, адамгершілігі мол адамдар болады» деуі де кемел ойлардың жарқын көріністері еді. Сондай-ақ ол: «Мен халыққа қарсы емеспін, халықты басқарып отырған басшыларға қарсы сөзбен күресудемін» деп жазды. Мұстафа Шоқай Ресейді жеріне жеткізе сынағанда оны әсте орыс халқының отаны ретінде емес, патшалық биліктің, кеңестік жүйенің орталығы болғанын есте ұстады.

Саясатта намысқой әрі жанға жақын болуы арқылы адамдардың жүрегіне жол таба білген Мұстафа Шоқай пікірталаста қызуқанды, өз пікірін дәлелдеуде қарсыласының намысына тиюден аулақ болған көрінеді. Оның психологияға жетік болғанын, қандай тақырыпта болмасын сабырлықты танытып, қарсыласының пікіріне құрмет көрсететінін оның эпистолярлық мұрасынан, ондағы әртүрлі ұлттардың 100-ге тарта түрлі саяси көзқарастағы өкілдерімен, саяси қайраткерлерімен, ғалымдарымен т.б. жазысқан үш жүздей хатынан айқын аңғарасыз.

Саясат адамы ретінде Мұстафа Шоқай шеңберлерден аулақ болған. 1917 жылғы сәуір айында Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің төрағасы болып сайланғанда: «Өз басым Түркістан ұлттық қозғалысының құрылысына ең соңғы қарапайым кара жұмысшы-мердігер болып қатыссам да, өзімді асқан бақыттымын деп есептеп едім! Бірақ тағдыр мені ұлттық қозғалысымыздың, ұлттық құрылысымыздың аса күрделі де жауапты кезеңінде өлкелік ұлттық ұйымның басына әкеліп қойды» деп жазуы оның шынайы қарапайымдылығын танытады. Алайда тағдыр оны ылғи алдыңғы қатарға шығарып отырды.

Мұстафа Шоқайдың Алаш жетекшілерінен өзіндік ерекшеліктері де болды. Біріншіден, тәуелсіздігі үшін тұрақты күрескен Түркістан аймағы Ұлы дала, Түркістан өлкесі, Бұхара мен Хорезм хандықтарын қосқандағы тұтас күйін қамтыды. Сондықтан 900-ден астам еңбегінің 230-дайы тікелей Түркістан атауымен байланысты. Екіншіден, Мұстафа Шоқай күнделікті өмірде де, саяси қызметінде де шығыстық менталитетке ерекше көңіл бөлді. Сол себепті ол берісі Түркістанның, әрісі бүкіл түркі халқының азаттығы үшін күресті. Үшіншіден, өз халқын азат ету Еділ, Қырым татарларын, Кавказ халықтарын, Орал башқұрттарын, патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы басқа да халықтарды ұйыстырудың нәтижесінде ғана мүмкін деп түсінді.

1940 жылы Германияның Францияны басып алуы, 1941 жылы маусым айында большевиктерге қарсы соғыс ашуы Шоқайлардың онсыз да жеңіл емес өмірін тіпті қиындатып жіберді. 1939 жылдың екінші жартысынан «Иш Түркістан» журналы жұмысын тоқтатады. Эмигранттардың бірсыпырасы Америкаға, мұсылмандары Түркияға кетіп жатты. Мұстафа Шоқайдың Америкаға визасы бар болатын. Бірақ ол: «Маған паналайтын орын берген мемлекетті тастап кету, өз Отаныңды тастап кеткенмен бірдей» деп Парижде қалды [2,3006]. Алайда сағыныштан сарғайтқан Наршоқы түгіл, өзі екінші отаны санаған Франция да бұйырмай, Берлинді мәңгілік мекен етті.

1942 жылғы 8 ақпанда Мұстафа Шоқайдың қайтқанына қырық күн толуына байланысты Париж мешітінің «Дебасси» залында ұйымдастырылған жиында Украина Халық Республикасының Сыртқы істер министрі, саяси қайраткер, профессор Александр Шульгин: «Егер Түркістан тәуелсіздік алып, Мұстафа Шоқай тірі болса, ол Джавахарлал Неру, Ататүрік сияқты қайраткер болар еді... Түркістан бір күндері жанарып, өз батырларын еске алатынын, Мұстафаға Перовскіде, не Ташкентте ескерткіш қоятынын білмеймін. Бірақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнататынына кәміл сенемін» деді.

Бұл сөздер Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы мен саяси қызметіне толық жауап беріп тұрған сияқты. Ұлы тұлғаның асыл арманы болған тәуелсіздік шындыққа айналды. Кешегі кеңестік кезеңде сатқын, контрреволюционер т.б. аталған, бірақ өзінің айрықша саяси қайраткерлігі, саяси әлеуметтік ой тұжырымдары мен көсемсөздерге толы мол шығармашылық мұрасы арқылы әлемдік сахнаға көтерілген ұлы тұлғаға орнатылған Қызылорда қаласындағы зәулім ескерткіш Сыр елін, сүйікті халқын Тәуелсіздіктің туын асқақ ұстауға тілектес болып тұр.

Әділжәлел БӘКІР,
саяси ғылым докторы,
Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің профессоры,
Мұстафа Шоқай ҒО ғылыми жетекшісі

Балалар ақыны Рахат Наурызбаева – 80 жаста. Балалардың білімін шыңдап, қаламның ұшымен әрбір қазақ баласының қиялына қанат бітірген ақын өлеңдері баланы ойнаттып отырып, ойландырады. «Сыр жұлдызы» балабақшасының балдырғандары балалар әдебиетінің сара жолын салып, балалар психологиясын жете меңгерген, тілі жеңіл, айтары мол қаламгермен кездесті.

Ақынмен кездесу

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі аясында өткен кешке ақынмен бірге қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы Қарлығаш Сражадинова, балабақша ардагерлері мен ата-аналар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.



Іс-шарада алдымен «балаларға біз қай мемлекетте тұрамыз, ұлтымыз, тіліміз қандай» деген танымдық сұрақтар қойылды. Балақайлар туған жер, Қазақстан, қазақ тілі туралы өз білгендерін жарыса жеткізді.

Кеш қонағы Рахат Наурызбайқызының түрлі тақырыпта балаларға арналған жырлары бар. Отбасына, балалар ойыншықтарына, туған жерге арналған жыр шумақтарын балалар жатқа оқыды. Тәрбиешілердің баланы олең оқуға баулып, ұлттық құндылықтарды санасына сіңіріп жатқаны олардың талабынан байқалып тұрды. Ақын сөз алып, бұлдіріндерге жүрекжарды тілегін жеткізді. Туған тілін, Отанын, туған жерін сыйлауға, құрметтеуге шақырды.

Рахат Наурызбаеваның 100-ден аса өлеңіне жазылған ән бар. Кеште «Татулықта күшіміз», «Әжеммен қаламын», «Сыр еліміз» әндері балалар мен тәрбиешілердің орындауында шырқалды.

Тәрбиешілер Лаура Ишанбекқызы, Алия Мұратбекқызы, Қаражат Нұрсұлтанқызы да ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, бұлдіріндерге үлгі көрсетті. Одан кейін әуеннің ырағымен балалар ақын кітаптарын ұстап ортаға шықты. Кітаптар шеруі өтіп, ақынның шығармалары таныстырылып, насихатталды.

Кеш соңында балабақша меңгерушісі Гүлден Жантасқызы сөз сөйлеп, мән мен мағынаға толы, әсерлі кешке қатысушылар мен қонақтарға алғысын айтты. Рахат Наурызбайқызының шығармашылығын алдағы уақытта да балабақша ұжымы насихаттай беретінін жеткізді.

Әлия МАХАНОВА,

«Сыр жұлдызы» балабақшасының тәрбиешісі

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №17 кітапханасы «Еңбек күні» мерекесіне орай «Еңбек адамы – ел мақтанышы» атты еңбек ардагерлерімен кездесу кешін өткізді. Мерекелік шараға С.Әлжіков атындағы №144 орта мектебінің оқушылары мен Қызылжарма мәдениет үйінің қызметкерлері қатысты.

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Аталған кешке еліне елеулі еңбек еткен Қызылжарма ауылдық округінің ардагерлері арнайы келіп, өскелең ұрпаққа өздерінің өмірі мен еңбек жолында аянбай қызмет етіп, отбасылық тәлім-тәрбиені ұрпақтан-ұрпаққа жалған келе жатқаны жайлы айтты. Жас оқырмандар кездесуден үлкен әсер алды.

Басқосудың мақсаты – қоғамда еңбек адамына деген құрметті арттыру. Жас буына адал еңбекті үлгі етіп, өскелең ұрпақты алдыңғы толқынның тарихынан тәлім алып, онеге етуге тәрбиелеу.

Салтанатты жиын Қызылжарма мәдениет үйінің жанынан құрылған «Қуаныш» әжелер ансамблі мен әнші, батыр ана Қуаныш Ахметқызының ән-шашуына ұласты.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӘРІПТЕС ӘЛЕМИ

Жақында қала күні мерекесі қарсаңында өткен «Ғалам мен қалам» атты поэтикалық дуэльде әріптесіміз, «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Аружан Оралбай топ жарып, бас бөйгені қанжығасына байлады.

Нәп-нәзік сезім мен махаббатқа, өмір туралы толғанысқа толы оның өлеңдерінде ерекше құбылыс бар. Қаламның ұшынан төгілген әрбір сезім өз алдына бір өлеңге айналған. «Әріптес әлемінен» Аружан Оралбайдың өлеңін оқыңыз, оқырман!

Тілдесе алмай жүргенде...

Ғұмырымыз:

Тіліне анау сағаттың түр ілініп

Кейін-ін... кейін жүрегің жоқтар әлі,
Өзгермейтін көңілім осы бірақ.
Жанымды күні-түні жеп барары,
Бір уайым, бір сағыныш қосылып ап.

Сен айтшы, дұрыс жасап жүрмін бе осы?
Ақ-қараны өзіндей үйретпек кім?
Менің тәнім – сүлесек мұң мүрдесі,
Басым атуан жақтарға сүйреп кеттім.

Беймәлім дерт еміндей таптырмадың,
Қанша күтті қамқоніп қырық құрау.
Жалымда сайрап жатқан сәттің бәрін
Сен ұмытқан шығарсың...
Ұмыттың-ау.

Не таптым қол созым жер тұрғанда да?
Не таптым көрем деумен көзі бүгін?
Жанымды тоз-тоз еткен жылдар ғана.
Жанымды тоз-тоз еткен өз үмітім.

Арман не сағыныштан өле асса адам,
Алдамшы үмітімді нәр етемін.
Кіп-кішкентай шәрі де сені аңсаған,
Кіп-кішкентай жүректің бар екенін
Ұмытпашы!

Еңкілдейді көкте бұлт егілмей кеп,
Жер-дүние киіп ап керім қойлек,
Құбыладан жел есер,
Қобалжыған
Жас жігіттің жып-жылы деміндей боп.

Мына көктем мен күткен көктем бе еді?
Гүл біткенді қырып сап бөктердегі,
Шыр айналып билеген қара құйын,
Көз алдымнан кетпей жүр көптен бері...

Көптен бері көз алдым астан-кестен...
Астан-кестен дүние-ай бастан көшкен.
Жер бетіне қай кезде құлап түстің?
Жарығым-ау,
Жеті қат аспанда өскен!

Құлағты ма құйындар құлдилаты?
Жалқы үмітті бір құрап...
бір қиратып...
Жалықтым мен сүренсіз тіршіліктен,
Ширегін де ғасырдың сүрмей жатып.

Сенің жаның адами мұңнан аман,
Мені де ала кетсең гой бұл қаладан!
Жұбата алмай өлеңді аласұрам,
Жүрегіміңнің ішінен інгәлаған.

Көңіліңнің аспаны күлгін еді!
Көңіліміңнің мың қатпар мұнды реңі.
Алты жыл сап араға,
қайта оралған
Көктем – сенің есімің...
Кім біледі?..

Мені де ала кетші!

Кетеді дос, кетеді құрбы да ұзап,
Бір күн жақын, қайтесің бір күні жат.
Қоңыр салқын қалада көше бойлап,
Қою түнде күрсініп жүрдің ұзақ.

Жан-дүниенді уайымға бояп ішкі,
Баяндайды кең даңғыл баяғы істі.
Тағдырлары қоспаған екеу отыр,
Тағы өтірік күледі...
Аянышты.

Бәлкім демін үзді ме дәмелі үміт?
Жерді ме жалғаннан?..
Жаны егіліп,
Жасын сүртіп барды жалқы, жаяу,
Жанарларға жалтақтап әрегідік.

Өзге ұқпаса ұқпасың,
Өлең ұғар.
Өліп-өшіп енді қай керегі бар?
Өз-өзіңді таба алмай жүргенімде,
Өз-өзінен қашады неге бұлар?

Сағыныштың сап-сары түсі, о неғып?
Жүрмейді оған Тәңірдің күші егелік.
Ауық-ауық күрсінем, естеліктер
Еміс-еміс есіме түсе беріп.

Жанырақтай жел үзіп,
Жана аттаған
Ғұмырдың сыртынан карап барам.
«Сен ғана емес» лесеңің, е-е-ей, адамдар,
Аласұрып, қаланы адақтаған.

Кетеді дос, кетеді құрбы да ұзап,
Бір күн жақын, қайтесің бір күні жат.
Қоңыр салқын қалада көше бойлап,
Қою түнде күрсініп жүрдің ұзақ.

Кеш қарайса алмасым кезек дұғам,
Мың құбылып көңілде мезеттік ән,
Күнде саған жазуға оқталам да,
Күнде солай... өзімді тежеп тынам.

Күттім...
Қайтып келердей тәтті бір сәт,
Күттім...
Көзден төгіліп жатты бұршақ.
Тәңір солай ойнай ма?
Сені басқа,
Мені басқа жолдарға лақтырып сап.

Күндон пәк секілді тегі бәрі,
Айтса айтсын.
Жұрт осы нені ұғарды?
Өмір жазса Тәңірдің пешенеме,
Өлең жазғым келеді менің әлі.

Шерттер шері шегіне жетті-дағы,
Кері айналып мен кеттім... кетті бәрі.
Өп-өтірік күлуден қажығанда,
Саған барып жылағым кеп тұрады.

Келерге жол таба алмай, барарға есік,
Ғасыр шөккен секілді, ғалам көшіп.
Көргім келіп іздедім... көрінбедің.
Көрінгенге мұң шағам, амал нешік?

Жан кемірген сан ойға сор бірікті,
Мен шаршадым.
Таусылдым.
Болды.
Бітті.

Хат-хабарсыз сырғыған қаншама айлар -
Сүйретіп алып кетті соңғы үмітті.

Шаттығы да – өлеңі, өлең – мұны,
«Өлең» ғұмыр кешерім мен ендігі.
Бақытымды жоғалтып алған екем,
«Бақытыңды тауып ал» деген күні.

Сен де, мен де – түлей кезген тағдырмыз,
Жалқымын деп жүр бәрі.
Аспан жақтан ағып түскен әр жұлдыз -
Тілгеннің құрбаны.

Сөнер-сөнес соңғы үмітке сеніп пе емі?
Өтеуі не өксіп өткен көп күннің?
«Өмір – жалған» деп күрсіндің.
Неліктен
«Жалған өмір» деп күлдім?

Ортамызда жасын жұтып тек ішке,
Ай... жыл... өтер о ғасыр.
Саған... Саған: пенде біткен періште,
Жанның бәрі – жанашыр.

Мәнсіз үміт өтер бәлкім мәңгі арбап...
Көз алдымда көлбөңдейді келмес күн.
Сені менен жақсы ұғатын жандар көп,
Мені сендей ұға алмайды-ау енді ешкім.

Жалғыздықты маңдайыма жазып ап,
Сезем түбі:
Орнағанда демде түйн...
Жылай-жылай, жаным төнен ажырап,
Өзінді іздеп кезіп кетем жер бетін.

Ал, сен...
Қиялыңда күн кешесің өзгенің,
Күллі арманым тонап ап.



Саған ашып айта алмаған сөздерім
Түбі өзімнен өлетіні обал-ақ.

Сен де, мен де – түлей кезген тағдырмыз,
Күліп, жылап, опынып.
Аспан жақтан ағып түскен әр жұлдыз...
Естімейді. Өтірік.

Кісі болдым... боқтап кеттің біреуін.
Кішірейтім... аттап кеттің біреуін.
Қайран менің астан-кестен көңілім,
Қайран менің қырық жамау жүрегім.

Табан асты тапталған соң бiнгi,
Бұл жүректің естілмей жүр жиі үні.
Жақын көрген адамының жат ойын
Жанарынан оқып қою – қиыны.

Күнге теңеп көтеріп ап, күндейді ел,
Ал, содан соң жыламай көр, күлмей көр.
Кеше біреу «кеш – домалақ» деп кетті,
Өз басыңды доп екенін білмейді ол.

Сағым сынды, бір ой қозғап бір ойды,
Сартап мұным сарқылатын сынайлы.
Пенде біткен пәк болса егер,
Құрада
«Кешірімді» демес еді-ау Құдайды.

Жалқы-сынар жанымды ерте-кеш ұғар,
Шамаң жетсе шапаныңды шешіп ал.
Жұмақты айтып қызықтыра алмасам,
Тозақты айтып қорқытамын, несі бар?!
Тұрақ тапмай не аспаннан, не жерден,
Татқан уым таңдайымда кезерген.
Өзегімді жарып шығып, түбінде
Өлмес өлең жазарымды сезем мені.

Тұрақ тапмай не аспаннан, не жерден,
Татқан уым таңдайымда кезерген.
Өзегімді жарып шығып, түбінде
Өлмес өлең жазарымды сезем мені.

Бар бұлақтан мөп-мөлдiр бар тұмадан,
Мұңды қалай жаныңнан тартып алам?
Көзім түсіп кеткенде күрсінді:
Жүрегіңнің тұсында жалғыз өлең,
Жанарыңның ішінде жарты ғалам.

Қамшы тілген қам аттай сауырлығың,
Жүрегіңіз жылмай ма жауынды күн?
Жан азамды жаза алмай жүрмін әлі -
Жаназадай жаным ауыр, күнім!

Құдай айдап кеп қалған бұл әлемге,
Жұлым-жұлым жанымды жұла берме.
Жатырған бесіңді жатырқайды,
Мен жазбаған секілді мына өлең де.

Бірін ұқпай көзіңнен бірін ұғып,
Жан-дүнием алқам-салқам, ұлып-ұлып.
Тілдесе алмай жүргенде,
Ғұмырымыз
Тіліне анау сағаттың түр ілініп.

Неше сенген, көңілім неше қалған,
Ессіз күннің елесі еседі алдан.
Мұнша қымбат болар ма бір ауыз сөз,
Сонша құнсыз болар ма кешегі арман?

Ұқпады деп жанымды тұғырлық ұл...
Кеттім-ау деп сүйе алмай ғұмырды бір...
Адамзатқа жатарым өлең оқып,
Қара жердің астынан күбір-гүбір.

Жаныңды мазалай ма жиі кінәң?
Сөңдіріп алдым ба екен шырақты ішкі?
Түнгі аспан күрсінді де, нығынан
Бір жұлдыз құлап түсті.

Жалғаймын көз ілмейтін түнімді ұдай,
Жалғанда жақын жүру қиынырақ.
Жаратқан бұйыртып тұр бұрынғыдай
Жолығысып қалуды жиі бірақ.

Ес жиям деген едім кетіп елден,
Естелікке етеді егелік кім?
Сендегі үнсідікке етім өлген,
Мендегі үнсідікті не деп ұқтың?

Ей, менің сағым сынып сағынғаным,
Жұбаныш іздейді екен налыса адам.
Әр күнім, әр сәтгімі, бәрін-бәрін
Айтқан бергім келеді әлі саған.

Айтып бергім келеді алдағанын,
Айтып бергім келеді жақсыларын.
Мен де бір күн біреуге жар боламын,
Таусылады жүректен ап шығарым.

Жанымды мазалайды жиі күмән,
Сөңдіріп алдым білем шырақты ішкі.
Түнгі аспан күрсінді де, нығынан
Бір жұлдыз құлап түсті.

Қайырлы түн!

Сақ-сақ күлген жек көріп сағатты әр күн,
Ақ қағазға шерімді сан ақтардым.
Ал, сонан соң...
Сонан соң құлағымда –
Жанайқайы жыртылған парактардың.

Жапырағын жанымның қырау басқан.
Түнерді әлем беймезгіл, тун аумастан,
Көшіп келген бұлттардың көңілі бос,
Жұбата алмай, қосылып жылғауда аспан.

Көңіліңнің аша алмай не түндігін,
Мен отырмын, жанымда жетім мұным.
Көзімді ілсем - Қорымдар... Адам сап кеп.
Өлірада қап қойған секілдімін.

Мынау тырсыл ұзамай тынады анық.
Мынау аспан шыққанда күн ағарып,
Менің жаным секілді өздігінен
Жұбана алса жақсы гой жылап алып.

Жұбана алса жақсы гой, жұбана алса,
Жылай берді-ау, бұлттарда кінә қанша?
Төңір жазған... аспаннан қара жерге
Тамшылардың ғұмыры – құлағанша.

Қанай шығар мендегі сырағ тун-ақ,
Бұлттар көшті, көз жасын құрғатып ап.
Жалғыз қайың басында, тағдырласым –
Үзіле алмай тұр әлі бір жапырақ.

Жеткенімше сөңдіре шырағыңды, үй.
Мен-ен қылып жібәрді мына бір күй.
Әр түсімде әлдекім бейіт жақтан
Құлыптасын көтеріп шығайды ылғи.
Өзім шығарым...

Қабіріме қашалмас, мейлі өлеңім,
Қашанғы «көңілі үшін...» дей беремін?
Қанатым жоқ.
Шіркiн-ай, аспан жаққа
Ұшып кеткім келеді кейде менің.

Өкініш-ау... өткен күн өтемесі.
Бақытына баратын төте көші,
Жолы болғыш адамдар бұ Төңірге
Не өткізіп қояды екен осы?

Шынында, күлкім – жалған, шекер – мұным.
Пер ақтарсам, шертеді шекемді кім?
Дүние қуғандарға қайтпай айттам?
Көбiнiң қалтасы жоқ екендiгiн.

Бәрі жалған екенін жиі ұқтырып,
Өтеді өмір. Өтеміз күйіп-күліп.
Апыр-ай, сонда-дағы биік-ті үміт,
Тағдырды төңір берген сүйікті ғып.

Біз әсте, хәлімізден сыр берген бе ек?
Ал, хәлің кімге уайым, кімдерге ермек?
Өзімдей көргендерім өкінідіріп,
Өзегімінен итеріп жүргендер көп.

Естеліктің шырақатып ежелгі әнін,
Көктейді көмескі кезерді ағын.
Көңіл-ай, көзді жұмып қарасам да,
Көз жұмып кетпейінше, сезем бәрін.

Жүрегіме қылғанмен жырымды егіз,
Арқа қағып, айтпайды ғұмыр лебіз.
Қиялдаған қанатым бітпесе де,
Көкке ұшып кетеміз гой түбінде біз.

Айтылмаған сезімдер де,
Ақтармаған сырлар да.
Е-е-е, қайтейін? Езіл, кеуде!
Енді ол мені тыңдар ма?

Шыдам біткен. Шыны шағып,
Шынығырғым кеп тұр неге?
Дәл осылай ұғысалық.
Үндемейін. Үндеме.

Түгесілем... тозар жаным.
Мұңға қойды теліп тун.
Көктем неге көз алмадың?
Аспан жақтан не күттің?

Сәл бақытты, сәл азапты
Сәттер кештім. Түсім бе?
Бұлттар ауып бара жатты
Жанарыңның ішінде.

Мұң қармаған, мен енді ойшы,
Ойым кейде өрескел...
«Тәңір көкте» деген қайсы?
Жүрегіңде емес пе ол.

Шерленемін, шырғай қалмай
Данғазала, дүрмекте.
Жүрегіңде құрай бар гой?
Құдай бар гой... Кірлетпелі!

Мені жатырқайтындай мынау ғалам,
Күлуде мән қалмады жылғауда мән.
Жалғызмаған өлеңім, жаным сенің
Жанарыңда кетіпті тун ауаған.

Тун – ең адал сырласым. Күн құлады.
Ал, саған ше... бәрі дос, құрбы бәрі.
Бақытымды бұйырған кері теуіп,
Өз-өзіме өкпелеп жүрмін әлі.

Дертке дауа болар ма жалынсыз бак?
«Тағдыр» леуге ұялдым, тағы үнсiз қап.
Жамау-жамау жүрегім жылына алмай,
Жаным сыздап барары, жаным сыздап.

Жетеді үнім, жетпейді хатым қалай?
Айтар күнім болар ма, атыңды онай.
Өң мен түстей өмірден өтемiз-ау,
Жырақтамай және де жақындамай.

Кімге ақтарып, мұңымды кімге шағам?
Сүйретілген мұңдық ем, сүлдесі – адам.
Жалғыздықтан қорықпай,
Ішқұсалық...

Өлсем, өліп кетермін бірде содан.
Сәт таба алмай жанымның ойлауға емін,
Бастан ауып барады жай дәуренім.
Маңдайыма жазылған өлеңім де
Маңайыма жуымай қойды-ау менің.

Меншік ісесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлі басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3514 Тапсырыс №1494

Немірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН